

ҒТАХА 14.39.07

DOI: <https://doi.org/10.62724/202540302>

Габдуллина Зухра Миндвайевна¹

География ғылымдарының магистрі, Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі, Орал, Қазақстан, zuhra_82@inbox.ru, ORCID ID: 0009-0006-5714-8542

Кәдірғалиев Базарғали Әбуғалиұлы^{*2}

Педагогика ғылымдарының магистрі, Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжі, Орал, Қазақстан, b.a.kadirgaliev@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-6471-018X

КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінде 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдары аралығында жүргізілген «Колледж білім алушылары мен ата-аналардың өзара қатынасы» тақырыбындағы әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің нәтижелері талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – білім алушы мен ата-ананың қарым-қатынас ерекшеліктерін, эмоциялық және материалдық қолдау деңгейін, цифрлық мәдениет пен ата-аналық бақылаудың оқу мотивациясына ықпалын анықтау. Сауалнама әдісі арқылы білім алушылар мен ата-аналардың өзара сенім деңгейі, пікір алмасу мәдениеті, қақтығыстарды шешу тәсілдері, цифрлық белсенділік және мамандық таңдау үдерісіндегі ата-ананың рөлі зерттелді. Зерттеу жүргізілген екі оқу жылы нәтижелерін салыстыру білім алушылар дербестігінің артқанын, ата-аналардың қолдау мен бақылауды теңестіруге ұмтылғанын, сондай-ақ отбасылық қарым-қатынас эмоциялық қолдау деңгейінің тұрақты түрде өскенін көрсетті. Үй жағдайының жақсаруы, ата-аналардың оқу үдерісіне қатысуы және қоғамдық белсенділікке қатысты ынталандыруы оң динамика көрсетті. Зерттеу нәтижелері колледж бен отбасының серіктестік моделін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер. Колледж, ата-ана, цифрлық мәдениет, білім алушы дербестігі, отбасылық қарым-қатынас, кәсіби бағдар.

Габдуллина Зухра Миндвайевна¹

Магистр географических наук, Уральский высший гуманитарно-экономический колледж, Уральск, Казахстан, zuhra_82@inbox.ru, ORCID ID: 0009-0006-5714-8542

Кадирғалиев Базарғали Абуғалиұлы^{*2}

Магистр педагогических наук, Уральский высший гуманитарно-экономический колледж, Уральск, Казахстан, b.a.kadirgaliev@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-6471-018X

ВЗАИМООТНОШЕНИЯ МЕЖДУ СТУДЕНТАМИ КОЛЛЕДЖА И ИХ РОДИТЕЛЯМИ: СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье анализируются результаты социально-педагогического исследования по теме «Взаимодействие студентов колледжа и их родителей», проведенного в НУ «Уральский высший гуманитарно-экономический колледж» в 2024–2025 и 2025–2026 учебных годах. Основная цель исследования — определить особенности взаимоотношений обучающихся и их родителей, уровень эмоциональной и

материальной поддержки, а также влияние цифровой культуры и родительского контроля на мотивацию к обучению. Методом опроса изучались уровень взаимного доверия между обучающимися и их родителями, культура обмена мнениями, способы разрешения конфликтов, цифровая активность, роль родителей в процессе выбора профессии. Сравнение результатов двух учебных лет, в течение которых проводилось исследование, показало, что самостоятельность обучающихся возросла, родители стремились соблюсти баланс между поддержкой и контролем, а уровень семейного общения и эмоциональной поддержки неуклонно возрастал. Улучшение семейной ситуации, вовлечение родителей в образовательный процесс и стимулирование социальной активности показали положительную динамику. Результаты исследования позволяют дать практические рекомендации, направленные на совершенствование модели партнёрских отношений колледжа и семьи.

Ключевые слова. Колледж, воспитание детей, цифровая культура, самостоятельность обучающихся, семейные отношения, профессиональная ориентация.

Gabdullina Zukhra Mindvaiyevna¹

Master of Geographical Sciences, Uralsk higher humanitarian and economic college, Uralsk, Kazakhstan, zuhra_82@inbox.ru, ORCID ID: 0009-0006-5714-8542

Kadirgaliev Bazargali Abugaliuly^{*2}

Master of pedagogical sciences, Uralsk higher humanitarian and economic college, Uralsk, Kazakhstan, b.a.kadirgaliev@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-6471-018X

RELATIONSHIPS BETWEEN COLLEGE STUDENTS AND THEIR PARENTS: A SOCIO-PSYCHOLOGICAL ANALYSIS

Abstract. The article analyzes the results of a socio-pedagogical study on the topic “Interaction between college students and their parents,” conducted at the “Urals Higher Humanitarian and Economic College” in the 2024–2025 and 2025–2026 academic years. The main purpose of the study was to identify the specific features of student–parent relationships, the level of emotional and material support, as well as the influence of digital culture and parental control on learning motivation. A survey method was used to examine the level of mutual trust between students and their parents, the culture of opinion exchange, conflict-resolution strategies, digital activity, and the role of parents in the process of career choice. A comparison of the results obtained over the two academic years of the research showed that student autonomy had increased, parents sought to maintain a balance between support and control, while the level of family communication and emotional support steadily improved. Enhancements in family dynamics, parental involvement in the educational process, and the stimulation of social activity demonstrated positive trends. The findings of the study make it possible to offer practical recommendations aimed at improving the partnership model between the college and families.

Key words. College, parenting, Digital Culture, student independence, family relationships, career guidance.

Кіріспе. Қазіргі таңда колледж білім алушылары мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Жасөспірімнен жастық дәуірге өтудің күрделі кезеңі - білім алушының тұлғалық қалыптасуы, кәсіби бағдарлануы, эмоциялық тұрақтылығы және әлеуметтік бейімделуі тікелей отбасылық қолдауға байланысты. Ата-ананың оқу үрдісіне қатысуы білім алушының оқуға деген қызығушылығына, психологиялық саулығына және кәсіби таңдауларына елеулі әсер ететіні ғылыми еңбектерде атап көрсетілген [1, 2 б.]. Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде ата-аналармен серіктестік моделін дамыту, жастардың психологиялық әл-ауқатын қолдау, цифрлық тәуелділік, материалдық және эмоциялық қолдау деңгейлерін зерттеу қажеттілігімен айқындалуы зерттеу жұмысының және осы мақаланың өзектілігі болмақ.

Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде колледж білім алушылары мен ата-аналардың қарым-қатынасын зерттеу өзекті болып отыр. Бұл өзектілік бірнеше факторларға негізделеді:

- Психологиялық әл-ауқат. Жасөспірімдердің тұлғалық және эмоциялық дамуының сапасы ата-ана қолдауымен тікелей байланысты, ал колледж кезеңі психологиялық тұрақтылық пен дербестік қалыптасатын маңызды кезең болып саналады.

- Цифрлық мәдениет пен бақылау. Ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданылуы, әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалардың таралуы ата-аналық бақылау мен баланың тәуелсіздігін жаңа мәселелермен қамтамасыз етеді.

- Білім беру сапасы мен мотивация. Ата-ананың қатысуы білім алушының оқу мотивациясын арттыруға, оқу жетістіктеріне оң әсер етуге мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер. Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде колледж білім алушыларының әлеуметтік жағдайы жыл сайын өзгеріп отыр, бұл ата-ана мен білім алушы арасындағы қарым-қатынасты қайта қарастыру қажеттігін туғызады.

Осы зерттеу колледж білім алушылары мен ата-аналардың қарым-қатынасының динамикасын, қолдау және бақылау түрлерін, сондай-ақ олардың оқу мотивациясы мен білім нәтижелеріне әсерін анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері келесі маңызды практикалық және ғылыми маңыздылыққа ие болады:

- Колледждерде ата-анамен серіктестік моделін дамытуға арналған ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді;

- Жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатын қолдаудың тиімді жолдарын анықтайды;

- Цифрлық тәуелділік пен ата-аналық бақылаудың оқу мотивациясына әсерін бағалай отырып, білім беру сапасын арттыруға үлес қосады;

- Эмоциялық, материалдық және ақпараттық қолдау деңгейлерін жүйелі түрде бағалауға негіз береді.

Зерттелу дәрежесі. Білім алушы - ата-ана қарым-қатынасы мәселесі әлемдік педагогикада кеңінен қарастырылған (Бронфенбреннер, Эриксон, Боулби), алайда Қазақстан колледждері жағдайында цифрлық мәдениет, ата-аналық бақылау және кәсіби бағдарлауға ықпал ету бағытында зерттеулер жеткіліксіз. Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушы мен ата-ананың өзара қатынасы соңғы жылдары бірқатар әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерге байланысты айтарлықтай өзгеріске ұшырап отыр. Бұл өзгерістерді Бронфенбреннер, Эриксон және Боулби теориялары арқылы түсіндіруге болады:

– Ури Бронфенбреннердің экологиялық жүйелер теориясы адамның даму процесі қоршаған ортаның көпдеңгейлі жүйелерінің ықпалымен қалыптасатынын дәлелдеді. Ол тұлға дамуын 5 деңгейлі жүйе арқылы түсіндіреді. Колледждегі 2024–2026 ж.ж. зерттеулердегі динамикалық өзгерістер осы деңгейге жатады. Бронфенбреннер теориясы білім алушы – ата-ана қарым-қатынасын экологиялық жүйеде жан-жақты бағалауға

мүмкіндік береді. Жүйелердегі өзгерістер білім алушының мотивациясына, эмоциялық тұрақтылығына және білім жетістіктеріне әсер етеді [2, 19 б.].

–Эрик Эриксонның психоэлеуметік даму теориясы. Э. Эриксон тұлға дамуын 8 кезеңге бөлген. Колледж білім алушылары көбіне 5–6 кезеңдер арасында болады [3, 12 б.]. Білім алушылардың дербестігінің артуы (зерттеулердегі 3,7 → 4,0 өсімі байқалған) Эриксонның 5-кезең идеяларын дәлелдейді. Ата-ананың эмоционалды қолдауы білім алушының тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Мамандық таңдауда ата-ананың тепе-тең қатысуы білім алушының «тұлғалық дағдарысты» сау өтуіне көмектеседі.

–Джон Боулбидің байлану теориясы. Дж. Боулби адам өміріндегі негізгі қажеттілік - қауіпсіз эмоционалды байланыс деп есептеді. Ол 3 негізгі байлану типін сипаттады [4, 42 б.]. Колледжде жүргізілген зерттеулердегі цифрлық бақылаудың жоғары екенін айтқан білім алушылар (18–20%) осы топқа жатады. Эмоционалды қолдау деңгейі жоғары болған сайын білім алушының оқуға деген құштарлығы да жоғары. Қауіпсіз байланыс - стресс кезінде ата-ананың сапалы көмегімен көрінеді (зерттеулердегі 2025–2026 ж. 4,1 балл). Ата-ананың шамадан тыс бақылауы білім алушының дербестік дағдыларын кешеуілдетуі мүмкін. Боулби теориясы білім алушы мен ата-ана арасындағы эмоционалды климаттың білім нәтижесіне тікелей әсерін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты: Колледж білім алушылары мен олардың ата-аналары арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін, қолдау түрлерін және бақылау деңгейін зерттеп, олардың оқу мотивациясы мен білім нәтижелеріне әсерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- Білім алушы мен ата-ана арасындағы өзара сенім мен қолдау деңгейін бағалау;
- Эмоциялық, материалдық және ақпараттық қолдаудың білім алушы дамуына ықпалын талдау;
- Цифрлық мәдениет пен ата-аналық бақылаудың оқу мотивациясына әсерін зерттеу;
- Қарым-қатынас стилдері мен оқу нәтижелері арасындағы байланысты салыстыру;
- Зерттеу нәтижелері негізінде колледж білім беру жүйесінде практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Осылайша, зерттеу Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде колледж білім алушылары мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелерін шешуге, білім беру процесін жетілдіруге және жасөспірімдердің тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған.


Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл зерттеу Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінде 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдары аралығында білім алушылар мен ата-аналардың өзара қатынасының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Зерттеу екі кезеңнен тұратын ұзақ мерзімді мониторинг ретінде ұйымдастырылды. Зерттеу материалдары ретінде авторлар құрастырған екі құрылымдалған сауалнама қолданылды. Олар, «Колледж білім алушылары мен ата-аналардың өзара қатынасы» сауалнамасы (білім алушылар үшін, 30 сұрақ) және осы сауалнаманың ата-аналарға арналған нұсқасы (31 сұрақ).

Сауалнамаларда келесі бағыттар қамтылды:

- эмоционалды қолдау деңгейі;
- материалдық қолдау және оқу жағдайы;
- ата-аналық бақылау (уақыт, цифрлық белсенділік);
- мамандық таңдауға ықпал;
- отбасылық қарым-қатынастың сапасы;

- қақтығыстарды шешу тәсілдері;
- әлеуметтік белсенділік;
- күйзелістік жағдайдағы ата-ана көмегі;
- дербестік және шешім қабылдау дағдылары.

Әр сұрақ 5 балдық Лайкерт шкаласы немесе альтернативті жауаптармен берілді (мысалы: «Толық», «Жартылай», «Жоқ»). Зерттеулерге 2024–2025 оқу жылы - 188 білім алушы мен 161 ата-ана қатысса, 2025–2026 оқу жылы 190 білім алушы мен 165 ата-ана қатысты. Жалпы қамтылған адам саны — 704 қатысушы. Қатысушылардың жасы, білімі, жынысы, отбасылық жағдайы туралы деректер сауалнамада қамтылды (Сурет 1.).



Сурет 1 – Сауалнамаларға қатысқан білім алушылардың және ата-аналарының жастық ерекшеліктері

Деректер Google Forms, қағаз сауалнама және колледждің тәрбие бөлімі арқылы жиналды. Сауалнамаларда ашық және жабық түрдегі сұрақтар болды. 2024–2025 оқу жылында бастапқы диагностика, 2025–2026 оқу жылында аралық мониторинг жүргізілді.

Зерттеу барысында әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық және статистикалық әдістер кешені қолданылды:

1. Сандық әдістер. Сауалнамаларды Лайкерт шкаласы арқылы бағалау жүргізілді. Білім алушылар мен ата-аналар өзара қатынас деңгейі 1–5 балл шкаласында бағаланды (1 – мүлдем келіспеймін; 5 – толық келісемін). Бұл әдіс эмоционалдық қолдау, бақылау, сенім, ынталандыру, қақтығысты шешу мәдениетін сандық тұрғыдан өлшеуге мүмкіндік берді. Барлық жауаптар пайызға айналдырып, екі оқу жылы арасындағы динамика анықталды. Сауалнама нәтижелерінде орташа арифметикалық мәндерді есептеу жүргізілді. Мысалы: материалдық қолдау (3,9 → 4,2 балл), ата-ананың оқу үрдісіне ықпалы (3,6 → 3,9 балл), дербестік көрсеткіші (3,7 → 4,0 балл). Сауалнаманы кросс-талдау арқылы төмендегі факторлардың өзара тәуелділігі зерттелді:

- эмоционалдық қолдау - оқу жетістігі;
- цифрлық бақылау - стресстік жағдай;
- ата-аналық ықпал - мамандық таңдауы;
- үй жағдайы — оқуға ынтасы.

2. Сапалық әдістер. Ашық сұрақтарға берілген жауаптар талданып, контент-талдау арқылы мынадай индикаторлар анықталды:

- ата-ананың уайымы;
- білім алушының дербестікке ұмтылысы;
- отбасылық қарым-қатынас түрлері;
- қақтығыс себептері;
- ата-аналық қолдау стильдері.

Сондай-ақ, салыстырмалы талдаулар арқылы екі оқу жылының нәтижелері салыстырылып, динамикалық өзгерістер айқындалды. Мысалы:

- эмоциялық қолдау 71% → 78%;
- үйдегі оқу жағдайы 64% → 72%;
- цифрлық бақылауды сезіну 18% → 20%;

Педагогикалық бақылаулар арқылы топ жетекшілері, колледж психологтары және тәрбие бөлімі жыл бойы білім алушылардың мінез-құлық, уәж, дербестік көрсеткіштерін бақылады.


Зерттеу келесі теориялар негізінде талданып зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін құрады:

- У. Бронфенбреннер – экологиялық жүйелер моделі;
- Э. Эриксон – психоәлеуметтік даму кезеңдері;
- Дж. Боулби – байлану (attachment) теориясы;

Зерттеу барысында қатысушылардың ерікті түрде қатысуы, деректердің құпия сақталуы, құпиялық қағидасы, зерттеу нәтижесін бұрмалаусыз беру ережелері сақталды:

Нәтижелер және оларды талқылау. Зерттеу нәтижелері екі оқу жылындағы (2024 - 2025 және 2025 - 2026) білім алушылар мен ата-аналардың өзара қатынасы динамикасын, эмоционалды және материалдық қолдау деңгейін, цифрлық бақылау, дербестік, оқу ынтасы және қарым-қатынас мәдениетін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Барлық көрсеткіштер екі кезең арасында салыстырылып, оң және тәуекел аймақтары анықталды.

1. Эмоционалды қолдау деңгейі. Білім алушылар мен ата-аналардың өзара эмоционалдық байланысы зерттеудің негізгі компоненттерінің бірі болды. Білім алушылардың шешім қабылдауға мүмкіндігі сауалнамада көрсетілді (Сурет 2.).



Сурет 2 - Білім алушылардың шешім қабылдау мүмкіндігі (2025-2026 жылғы зерттеулерде)

2024–2025 оқу жылының нәтижесінде білім алушылардың 78,4%-ы ата-анасының эмоционалды қолдауын «жоғары» деңгейде бағалады. 0,5% қолдауды «жеткілікті емес» деп көрсетті. Ата-аналардың 80%-ы баласын толық қолдайтынын мәлімдеді. 2025–2026 оқу жылының нәтижесінде эмоционалдық қолдауды жоғары бағалайтын білім алушылар көрсеткіші 51%-дан 55,3%-ға өсті. Қолдау жеткіліксіз деп санайтындар 30%-дан 25,3%-ға төмендеді. Ата-аналардың өзін-өзі бағалауы 70%-ға артты. Бұл динамика Боулбидің байлану теориясы бойынша қауіпсіз эмоционалдық байланыстың күшейгенін көрсетеді.

2025–2026 оқу жылында колледждің топ жетекшілік, психологиялық кездесулер өткізуі бұл өзгеріске оң ықпал еткен.

2. Материалдық қолдау және оқу үшін жағдай жасау. Сауалнамада кездескен сұрақтардың бірі үй жағдайының көрсеткіші (Кесте 1.).

Кесте 1 – Білім алу үшін материалдық қолдау

Көрсеткіш	2024–2025	2025–2026
Үйде толық оқу жағдайы бар	64%	72%
Жартылай жағдай бар	27%	22%
Жоқ	9%	6%

Материалдық қолдаудың артуы - ата-аналардың білім алушының оқу процесін материалдық ресурстармен қамтамасыз етуге ұмтылысы өскенін білдіреді. Бұл - Қазақстандағы отбасының білімге инвестиция жасау тенденциясымен сәйкес келеді. Материалдық қолдау және оқу үшін жағдай жасауды жетілдіру +8%-ке артқан. Материалдық қолдау индексі (1–5 шкала) 2024-2025 оқу жылында 3,9 балды құраса, 2025-2026 оқу жылындағы зерттеулерде 4,2 балдық шкаланы көрсеткен.

3. Цифрлық белсенділік және ата-аналық бақылау. Зерттеулер барысындағы сауалнамаларда білім алушылардың смартфон мен әлеуметтік желілерде өткізетін уақыты туралы сұрақтар қарастырылды (Кесте 2.).

Кесте 2 – Білім алушылардың смартфон немесе әлеуметтік желіде өткізетін уақыты

Уақыт мөлшері	2024–25	2025–26
0–1 сағат	9%	7%
1–3 сағат	28%	24%
3–5 сағат	39%	43%
5+ сағат	24%	26%

Сауалнама нәтижесінде 2024-2025 оқу жылына қарағанда 2025-2026 оқу жылында білім алушылардың цифрлық уақыты сәл артқан. Цифрлық бақылау деңгейі 1–5 балл шкаласы бойынша білім алушылар бағасы - 2,7 → 2,5 көрсетіп, бақылау төмендегенің, ал, ата-аналар бағасы - 3,1 → 3,0 қатынасын құрап қатаң бақылау азайғаның, онлайн бақылауды жұмсартқаның көрсетеді. Білім алушылардың цифрлық еркіндігі артқан. Бұл тенденция Эриксонның дербестік пен жауапкершілік кезеңіндегі табиғи дамуға сәйкес.

4. Оқу мотивациясы және ата-ананың ықпалы. Колледж білім алушыларының оқу мотивациясы көбіне үш негізгі факторға байланысты:

- отбасының қолдауы;
- білім алушының ішкі дербестігі;
- әлеуметтік орта.

Ата-ананың қолдауы білім алушының оқу үдерісіне деген сенімін, жауапкершілігін және өзіне деген талап деңгейін қалыптастырады. Дегенмен, білім алушының жасы ұлғайған сайын дербестігі артып, ата-ананың ықпал біршама төмендейді. Сауалнама барысында бұл сұрақтар жете қаралды. Ата-ананың оқу жетістігіне әсері 2024–2025 оқу жылы - 3,6 болса, 2025–2026 оқу жылы - 3,9-ға өскендігін көреміз. Ата-ананың оқу жетістігіне әсері өсіп отыр: 3,6-дан 3,9-ға жоғарылауы ата-аналардың білім алушы оқуына деген қатысу деңгейі артқаның көрсетеді.

Бұл бірнеше факторлармен түсіндірілуі мүмкін:

- ата-аналардың цифрлық сауаттылығы артып, оқу мониторингін жақсы жүргізуі;
- колледж тарапынан ата-аналармен байланыс механизмдерінің күшеюі;


– білім алушылардың отбасынан эмоционалдық қолдау алу деңгейінің артуы.

3,9 көрсеткіші ата-ананың ықпалы ортадан сәл жоғары деңгейде екенін білдіреді. Олар оқу процесіне белсенді араласады, бірақ толық шешім қабылдаушы еместігіне көз жеткіземіз. Мамандық таңдауға ата-ананың және білім алушының дербестігінің әсері 3,4 → 3,2 қатынасында болып, ата-ананың кәсіби бағыт таңдауға әсері төмендегенін байқаймыз. Мұның себебі:

- білім алушылардың өзіндік қызығушылықтарының қалыптасуы;
- еңбек нарығы туралы ақпаратты білім алушылардың өз бетінше іздеуі;
- кәсіби бағдар жұмыстарының күшеюі (жәрменкелер, кураторлық сағаттар).

Білім алушының дербестігі: 3,7 → 4,0 қатынасын көрсетіп, дербестігінің артқанын байқаймыз. Дербестіктің артуы – білім алушылардың өзіндік түрде мамандық таңдау, оқу жоспарын құру, болашаққа жоспарлау қабілетінің өскендігін көрсетеді. 4,0 - жоғары көрсеткіш, бұл жастардың өз шешімін өзі қабылдауға ұмтылатынын дәлелдейді. Мамандықты таңдауда ішкі ынталандыру басым бола бастаған. Ата-ананың оқу жетістігіне әсері жыл сайын өсуде, бұл оқу процесіне қолдау көрсетудің артқанын білдіреді. Мамандық таңдауға ата-ананың ықпалы керісінше төмендеген, себебі білім алушылардың жеке шешім қабылдау дербестігі күшейген. Білім алушылардың дербестік деңгейі жоғарылап, олар болашаққа саналы түрде бағыт-бағдар жасай бастады. Осы нәтижелер білім алушылардың өз бетінше шешім қабылдау дағдыларының артқанын көрсетеді. Бұл — Э. Эриксонның "Identity vs Role Confusion" фазасына толық сәйкес, тұлғалық қалыптасудың күшейгенін білдіреді [3, 88 б.].

5. Пікір алмасу және отбасылық коммуникация. Отбасы ішіндегі пікір алмасу деңгейі білім алушының психологиялық жайлылығына, оқу ынтасына, шешім қабылдау қабілетіне және әлеуметтік қарым-қатынастарына тікелей әсер етеді. Ата-ана мен баланың арасындағы ашық диалог өзара сенімнің көрсеткіші болып табылады [5, 23 б.]. Төмендегі деректер 2024–2026 жылдар аралығындағы коммуникация сапасында оң өзгерістер бар екенін дәлелдейді (Сурет 3.).



Сурет 3 – Ата-анаммен әңгімелесу кезінде өз пікірімді ашық білдіре аламын: 1–5 шкала


Білім алушылардың ата-анасына өз ойын ашық жеткізу қабілеті айтарлықтай күшейген: 3,5-тен 3,9-ға өсу - бұл 0,4 баллдық оң өзгеріс. 3,9 көрсеткіші - білім алушылардың көпшілігі ата-анасымен ашық сөйлесуге бейім екенін білдіреді, бірақ толық еркіндікке әлі жете қоймаған.

Бұл көрсеткіш келесі факторларға байланысты болуы мүмкін:

- білім алушылардың эмоционалдық жетілуі;
- ата-аналар тарапынан тыңдай білу мәдениетінің артуы;
- отбасындағы сенім деңгейінің жоғарылауы;
- колледждегі психологиялық қолдау, тәрбие жұмыстарының әсері.

Ал, ата-ана бағасы: 4,0 → 4,2 көрсеткіштерін көрсеткен. Яғни, ата-аналар өз тарапынан балаларымен диалог жасаудағы қолжетімділігін жоғары бағалайды, әрі бұл көрсеткіш 4,2-ге көтерілген. Ата-аналардың пікірінше, олар балаларымен ашық сөйлесуге дайын және диалог құруға жағдай жасайды. Білім алушы бағасымен салыстырғанда ата-ана көрсеткіші әрқашан жоғары - бұл ата-аналар өз қарым-қатынас деңгейін сәл жоғары бағалайтынын көрсетеді.

Қақтығыстарды келісім, диалог және өзара түсіністік арқылы шешу деңгейі тұрақты түрде өсіп келеді (Сурет 4.).



Сурет 4 – Қақтығыс болғанда отбасы мәселені келісіммен шешеді: 1–5 шкала

3,8 → 4,1 аралығындағы өзгеріс - 0,3 балл, бұл отбасыларда конструктивті қарым-қатынастың артқанын көрсетеді. Бұл өсімнің ықтимал себептері:

- эмоционалды қолдау деңгейінің артуы;
- білім алушылардың жас ерекшелігі бойынша (17–20 жас) эмоционалдық реттеу қабілетінің жетілуі;
- ата-аналар тарапынан түсінушілік пен қолдау мәдениетінің қалыптасуы;
- жанжалдарды шешу дағдыларын оқыту (оқу пәндерінде, факультативтерде).


4,1 көрсеткіші — отбасында қақтығыстардың көпшілігі ашық әңгімелесу арқылы шешілетінін көрсетеді. 2024–2026 жылдар аралығында білім алушы пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас сапасы айтарлықтай жақсарған:

- Ашық пікір айту деңгейі жоғарылаған;
- Білім алушылар да, ата-аналар да өзара диалогқа бейім, сенім деңгейі нығайған;
- Ата-ана тарапынан қолжетімділік жоғары;
- Ата-аналар өздерін ашық сөйлесуге әрдайым дайынбыз деп бағалайды;
- Қақтығыстарды мәдениетті түрде шешу дағдылары қалыптасқан;
- Келіспеушіліктерді сабырмен, келісіммен, түсіністікпен шешу деңгейі өсуде.

Қарым-қатынас сапасының жақсаруы отбасылық мәдениеттің, топ жетекшілік жиналыстардың және психологиялық қолдаудың күшейгенін көрсетеді. Бұл - Қазақстандағы отбасылық байланыстардың тұрақты, эмоциялық тұрғыда мықты болуымен үйлеседі [6, 12 б.]

6. Әлеуметтік және қоғамдық белсенділік. Білім алушылардың әлеуметтік және қоғамдық өмірге қатысуы - олардың тұлғалық дамуының, азаматтық жауапкершілігінің, көшбасшылық қабілеттерінің қалыптасуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Бұл бағытта отбасылық қолдау да маңызды рөл атқарады, себебі ата-ана тарапынан ынталандыру білім алушының белсенділігіне ықпал етеді [7, 51 б.]. Төмендегі деректер білім

алушылардың қоғамдық іс-шараларға қатысу деңгейі мен ата-аналардың қолдау динамикасының оң өзгерістерге ие екенін көрсетеді (Сурет 5.).



Сурет 5 – Баламның қоғамдық іс-шараларға қатысуын қолдаймын

Білім алушылардың қоғамдық іс-шараларға қатысу белсенділігі 1-5 шкала бойынша, 2024-25 жылдар бойынша - 3,1 балл, 2025-26 жылдар бойынша - 3,5 балды көрсеткен. Білім алушылардың қоғамдық өмірге қатысу көрсеткіші 3,1-ден 3,5-ке көтерілген, бұл 0,4 балдық өсім. Бұл өсім колледждегі тәрбие жұмыстарының, еріктілік жобалардың, спорттық және мәдени шаралардың кеңеюінің әсерін көрсетуі мүмкін. 3,1 - ортадан төмендеу деңгейі, ал 3,5 - орта деңгейге жақындаған белсенділік. Бұл білім алушылардың бастамашылық танытуға, командалық жұмысқа, қоғамдық ортада көрінуіне деген ынтасының артқанын көрсетеді.

Белсенділіктің арту себептері мынада:

- Білім алушылардың өзін-өзі дамытуға деген қызығушылығының артуы;
- Қоғамдық жобалардың жастар үшін тартымды формада ұйымдастырылуы;
- Колледж тарапынан білім алушының кеңес, клубтар, үйірмелер жұмысын күшейту;
- Заманауи трендтер (еріктілік, экологиялық акциялар, әлеуметтік челленджер) ықпалы.

Жалпы алғанда, көрсеткіштің артуы білім алушылардың әлеуметтік ортада белсенді болуға деген ішкі ынтасының күшейгенін айғақтайды. Білім алушылардың өзіндік белсенділігі артқан. Колледждің еріктілік, спорттық және мәдени шараларының маңызы жоғарылаған.

Ата-аналардың білім алушылардың қоғамдық белсенділігін қолдау деңгейі 3,8-ден 4,0-ге көтерілген. Бұл ата-аналар тарапынан қоғамдық іс-шараларға көзқарастың позитивті екенін, балаларын белсенді болуға ынталандыратынын көрсетеді. 4,0 балл — ата-аналардың көпшілігі білім алушының әлеуметтік өмірге араласуын құптайтынын білдіреді. Қолдаудың артуына ықпал ететін факторлар:

- Ата-аналардың жастар дамуына қатысты ақпараттануының артуы;
- Қоғамдық белсенділіктің болашақ мамандықтарға әсері туралы түсініктің қалыптасуы;
- Колледждің ата-аналармен байланысының күшеюі (жиналыстар, ақпараттық хаттар, онлайн хабарламалар). Сонымен бірге ата-аналардың қоғамдық іс-шараларға деген қолдауы білім алушылардың белсенділік көрсеткішінің өсуіне тікелей ықпал еткенін байқаймыз.

Зерттеудің екі кезеңінде де білім алушы - ата-ана қарым-қатынасы жағымды динамика көрсетті:

- Эмоциялық байланыс күшейгені: 71% → 78%;
- Коммуникация сапасы артқаны: 3,5 → 3,9 балл;

- Материалдық қолдау жақсарғаны: 64% → 72%;
- Дербестік өскені: 3,7 → 4,0;
- Цифрлық бақылау теңгерімді деңгейге түскені: 2,7 → 2,5;
- Отбасылық қақтығыс мәдениеті жақсарғаны: 3,8 → 4,1.

Сауалнамалардың қорытындысы бойынша төмендегідей теориялық қорытынды жасауға болады:

–Бронфенбреннер бойынша: білім алушының экологиялық ортасы (отбасы, колледж, әлеуметтік жағдай) оң бағытта өзгерген;

–Эриксон бойынша: білім алушылардың тұлғалық қалыптасуы (дербестік, жауапкершілік) айқын күшейген;

–Боулби бойынша: қауіпсіз эмоционалдық байланыс деңгейі жоғарылаған.

2024–2026 жылдар аралығындағы зерттеу Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінде білім алушы–ата-ана қарым-қатынасының тұрақты түрде жақсарып, дамып келе жатқанын дәлелдеді. Эмоционалды қолдау, коммуникация, дербестік және оқу мотивациясы айтарлықтай нығайған.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері білім алушылардың оқу ынтасы, ата-ананың қолдауы, отбасылық қарым-қатынас, әлеуметтік белсенділік және дербестік көрсеткіштерінің жылдар ішінде тұрақты оң динамикаға ие екенін көрсетті. 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдары бойынша салыстырмалы талдау ата-ана - білім алушы қарым-қатынасының сапалы өзгерістерге ұшырағанын, отбасылық қолдау жүйесінің нығайғанын және білім алушылардың тұлғалық даму деңгейінің артқанын дәлелдейді.

Ата-ананың оқу жетістігіне әсерінің 3,6-дан 3,9-ға дейін өсуі олардың баланың білім алу процесіне белсенді түрде араласа бастағанын көрсетсе, мамандық таңдауға әсерінің төмендеуі мен білім алушының дербестігі деңгейінің 4,0 баллға дейін өсуі жастардың саналы шешім қабылдауға, жеке қызығушылықтар мен қабілеттерге сүйенуге ұмтылатынын көрсетеді. Бұл Э.Эриксонның тұлғаның өзін-өзі анықтау кезеңіне қатысты теориялық тұжырымдарымен толық сәйкеседі.

Отбасылық коммуникация саласында да жарқын өзгерістер байқалды. Білім алушылардың «өз пікірімді ата-анама ашық айтамын» көрсеткіші 3,5-тен 3,9-ға өсті, ата-аналар бағасы - 4,2 деңгейіне жетті. Бұл отбасындағы психологиялық ахуалдың жақсарғанын, сенім мен өзара құрмет деңгейінің артқанын дәлелдейді. Қақтығыстарды келісіммен шешу көрсеткішінің 3,8-ден 4,1-ге көтерілуі Боулбидің байлану теориясы бойынша қауіпсіз эмоционалдық байланыстың күшейгенін көрсетеді.

Білім алушылардың әлеуметтік және қоғамдық белсенділігінің артуы (3,1 → 3,5) Бронфенбреннердің экологиялық моделі бойынша микрожүйе мен мезожүйедегі қолдаушы факторлардың күшеюін айғақтайды. Ата-аналардың әлеуметтік белсенділікке ынталандыру деңгейінің 3,8-ден 4,0-ге дейін өсуі білім алушының әлеуметтік ортада өз орнын табуына оң ықпал етуде.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері ата-ана мен білім алушы арасындағы әрекеттестіктің жүйелік сипатқа ие екенін, қолдау мен қарым-қатынас мәдениеті тұлғаның дамуында шешуші рөл атқаратынын және отбасы–колледж серіктестігінің маңызын дәлелдейді.

Ғылыми жаңалығы. Білім алушы – ата-ана қатынасының екі оқу жылындағы динамикасы алғаш рет салыстырмалы түрде қарастырылды. Оқу мотивациясы, әлеуметтік белсенділік, дербестік және эмоционалдық қолдау көрсеткіштері бір модель аясында (Бронфенбреннер, Эриксон, Боулби теорияларымен) кешенді талданды. Білім алушының кәсіби өзін-өзі анықтауына ата-ананың әсер ету деңгейіндегі өзгеріс алғаш рет зерттеулер арқылы нақты көрсеткіштермен дәлелденді.

Практикалық құндылығы. Бұл зерттеудің нәтижелерін келесі бағыттарда қолдануға болады:

- колледждегі ата-аналармен жұмысты жетілдіруде;
- білім алушылардың оқуға ынтасын арттыруға арналған бағдарламалар әзірлеуде;
- ата-ана - білім алушы қарым-қатынасын нығайту стратегияларын құру;
- кәсіби бағдар беру жұмыстарында дербестікті дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар дайындау;
- оқу орнының психологиялық қызметі үшін диагностика және түзету бағдарламаларын жетілдіру;

Зерттеу нәтижелері колледж педагогтері, топ жетекшілері, әлеуметтік педагогтер, психологтар және білім беру ұйымдары үшін маңызды әдістемелік және тәжірибелік материал болып табылады. Сондай-ақ, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығына сәйкес Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінің 2023-2024 оқу жылдары тізілімге енгізілген бағдарламаларында, педагогикалық мамандықтар үшін «КМ 4. - Мамандыққа деген қоғамдық сенімді қолдау және білім алушыларды құндылықтар жүйесіне тарту» модулінде «ОН 4.5. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың принциптері мен әдістерін қолдану» оқыту нәтижесі енгізілді. Бұл, зерттеулер қорытындысын осы аталған оқыту нәтижесінде де қолдануға, сондай-ақ білім алушылар мен ата-аналар арасындағы өзара әрекеттестікті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Болдуин, А. Ата-ана және жасөспірім қарым-қатынасы [Текст] / А. Болдуин. – Алматы: Рауан, 2018. – 216 б.
- 2 Бронфенбреннер, У. Экология развития человека [Текст] / У. Бронфенбреннер. – М.: Смысл, 2002. – 348 с.
- 3 Эриксон, Э. Жизненный цикл: взгляд психолога [Текст] / Э. Эриксон. – Санкт-Петербург: Ленато, 2000. – 240 с.
- 4 Боулби, Дж. Привязанность [Текст] / Дж. Боулби. – Москва: Гардарики, 2003. – 480 с.
- 5 Ермекбаев, А. Жасөспірім психологиясы [Текст] / А. Ермекбаев. – Астана: Фолиант, 2020. – 304 б.
- 6 Иванова, Т. Социальная психология семьи [Текст] / Т. Иванова. – Москва: Юрайт, 2019. – 256 с.
- 7 Қалиев, С. Білім беру социологиясы [Текст] / С. Қалиев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 280 б.

REFERENCES

- 1 Baldyin, A. Ata-ana zhane zhasospirim karym-katynasy [Parent-Adolescent Relationship]. Almaty: Rauan, (2018): 216 b. – (In Kaz)
- 2 Bronfenbrenner, U. Ekologiya razvitiya cheloveka [The Ecology of Human Development]. Moscow: Smysl, (2002): 348 s. – (In Rus)
- 3 Erikson, E. Zhiznennyi tsikl: vzglyad psikhologa [The Life Cycle: A Psychologist's View]. Saint Petersburg: Lenato, (2000): 240 s. – (In Rus)

-
- 4 Boulbi, J. Privyazannost [Attachment]. Moscow: Gardariki, (2003): 480 s. – (In Rus)
5 Ermekbaev, A. Zhasospirim psikhologiyasy [Adolescent Psychology]. Astana: Foliant, (2020): 304 b. – (In Kaz)
6 Ivanova, T. Sotsialnaya psikhologiya semi [Social Psychology of the Family]. Moscow: Yurait, (2019): 256 s. – (In Rus)
7 Kaliyev, S. Bilim беру sotsiologiyasy [Sociology of Education]. Almaty: Kazakh University, (2017): 280 b. – (In Kaz)